ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

***Білім алушы үшін***
***АНЫҚТАМАЛЫҚ- ЖОЛСІЛТЕМЕ***

**Қызылорда, 2023 ж.**

**Мазмұны**


| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жоғарғы оқу орны туралы жалпы мәліметтер | 3 |
| 1.1. | Университет туралы қысқаша ақпарат | 3-5 |
| 1.2. | Университет кітапханасы | 6-8 |
| 1.3. | Студенттер жатақханасы | 8-14 |
| 1.4 | Әскери кафедра | 15 |
| 2. | Кредиттік технология бойынша оқытудың ерекшеліктері | 16 |
| 2.1 | 2023-2024 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесі (бакалавр) | 16-23 |
| | 2023-2024 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесі (магистратура, докторантура) | 24-30 |
| 2.2 | Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау | 31-46 |
| 2.3 | Білім алушының Ар-намыс кодексі | 47 |
| 2.4 | Кредиттік оқыту технологиясы терминдерінің сөздігі | 47-50 |

Бекітемін
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі- проректор
_________ Д.М. Абдрашева
«21» ____08____ 2023 ж.

## Жоғарғы оқу орны туралы жалпы мәліметтер

### 1.1. Университет туралы қысқаша ақпарат

**Толық атауы:** «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Мемлекеттік лицензиясы:**Лицензия: № KZ67LAA00018492, 28.07.2020 жыл.

Негізі 1937 жылы қаланған, 86 жыл тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіСыр өңірі мен Қазақстанның Оңтүстік-Батыс аймағының ғана емес, сондай-ақ, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының әртүрлі салалары үшін жоғары және жоғары білімнен кейінгі кәсіби мамандар даярлайтын іргелі оқу орны.

Университеттегі білім беру қызметі бакалавриат, магистратура, PhD докторантура бағдарламалары бойынша 2007 жылы 27 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 28.07.2020 жылында "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесімен берілген № KZ67LAA00018492 лицензия, және университет Жарғысы негізінде жүзеге асырылады.

Университеттің миссиясы - Жаңа білімдерді қалыптастыру және өңірдің зияткерлік әлеуетін ашу.

Университеттің институционалдық аккредиттеу туралы куәлігі бар. Университеттің 107 білім беру бағдарламасы, оның ішінде бакалавриаттың 61 білім беру бағдарламалары, 33 магистратура, 13 докторантура Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) арқылы мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Университет QS word University Ranking-2024 рейтингі бойынша әлемнің үздік 1201-1400 университеттерінің қатарына кіреді.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізетін ЖОО-лардың ұлттық сұраныс рейтингінің қорытындысы негізінде университет 7-орынды иелене отырып, Қазақстан Республикасының үздік 10 жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

2023-2024 оқу жылында білім беру қызметі университет құрамындағы 5 институт бойынша25 білім беру бағдарламасы ұйымдастырылған.



3




Студенттер қатарынан Қазақстанның Қорғаныс күштері үшін запастағы офицерлер дайындау мақсатында университетте әскери кафедра жұмыс жасайды.

Университетте 532 профессор-оқытушы қызмет атқарады. Оның ішінде 481 штаттық қызметтегі оқытушылар, 21 ғылым докторлары, 171 ғылым кандидаттары, 39 PhD докторлары, 244 магистрлер бар.

Қазіргі таңда университеттебакалавриат 66, магистратураның 39, PhD докторантураның 13 білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау жүзеге асырылуда.

Университеттің бакалавриат, магистратура, PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау сапасын арттыру, жұмыс берушілердің бәсекеге қабілетті мамандарға деген сұранысын қамтамасыз ету мақсатында институттарда Академиялық Сапа комитеттері жұмыс жасайды.

Университетте «Платонус» бағдарламасы оқу үдерісіне ендірілген.

Білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарлары, білім алушылардың жеке оқу жоспарлары мен силлабустар «Платонус» бағдарламасына енгізілген. Университеттің корпоративті желісі арқылы әрбір оқу ғимаратында орналасқан электрондық оқу залдарынан, кітапханалардан, компьютерлік сыныптардан қажетті жоғарыда аталған құжаттарды студенттердің, оқытушылардың еркін пайдалануына мүмкіндік жасалынған.

Ағымдық, аралық және қорытынды бақылаудың нәтижелерін, сондай-ақ, оқу семестрі мен оқу жылының қорытындысы бойынша шығарылған бұйрықтарды әрбір білім алушы және оның ата-аналары университеттің platonus.korkyt.kz порталынан кез келген уақытта таныса алады.

Білім порталында қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде оқитын білім алушыларға он-лайн және офф-лайн режимінде университет профессор-оқытушылармен кеңес жүргізуге мүмкіндік қарастырылған.

Университеттің білім беру қызметінде:

- 10 оқу ғимараты;
- 796 орынға арналған 4 жатақхана;
- 2 миллионға жуық кітап қоры;
- 5 оқу және 3 электронды залдары;
- жаңа үлгідегі 1300-ге жуық компьютермен жабдықталған компьютерлік парк;
- 74 мамандандырылған оқу зертханалары;
- 4 шеберхана;

- 5 студенттік асхана,4буфет;
- 1 дәрігерлік пункт;
- 1 оқу-әскери полигоны;
- 1 спорттық сауықтыру кешені;
- 6 спорт залы және 3 спорт алаңы;
- 1 жылыжай;
- студенттер сарайы, мұражайлар мен көрме залдары пайдаланылады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Хабаршы» ғылыми-әдістемелік журналының жылына 6 рет шығатын әрбір номеріне редакциялық баспа бөлімі жауапты.Университет баспаханасынан «Сыр түлегі» жастар газеті шығады.

Университет жанында:

1. Ботаникалық бақ;
2. «Қорқыттану» ғылыми орталығы;
3. «М.Шоқайтану» ғылыми орталығы;
4. Археология және этнография ғылыми орталығы;
5. Т.Д.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеулер ғылыми-білім беру орталығы;
6. «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасы жұмыс жасайды. Бұл зертхананың құны 200 млн. теңгені құрайды. Зертхана белгілі шеңбердегі талдау міндеттерін шешуге арналған және сертификатталған соңғы үлгідегі талдағыш қондырғылармен толық жабдықталған.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде академиялық ұтқырлық сыртқы және ішкі деңгейде өткізіледі. Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын халықаралық байланыстар бөлімі мен оқу процесін жоспарлау және академиялық ұтқырлық бөлімі жүзеге асырады. Мысалы, 2023 жылы қыркүйек айы бойынша сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бюджеті және білім алушылардың өз қаражаты есебінен 55 білім алушы Польша, Қытай. Корея және Өзбекстан елдеріне академиялық ұтқырлық бойынша білім алуда.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің шетелдік ғалымдарды шақыру бағдарламасы аясында және университеттің бюджеті есебінен Канада, Түркия және Ресей Финляндия, Венгрия, Украина, Өзбекстан, Беларусь жоғары оқу орындарынан шетелдік ғалымдар мен мамандар университеттің студенттері, магистранттары, докторанттары және университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы үшін (онлайн, офлайн) дәрістер оқуға және консультациялар өткізуге шақырылуда.

2023 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «500 ғалым» ғылыми тағылымдамасы аясында университеттің 14 профессорлық-оқытушысы жеңімпаз атанды және Ресей, Ұлыбритания, Швейцария, Азербайджан, Германия елдерінің жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өтіп жатыр.

Университет бакалавриаттың 9 білім беру бағдарламасы бойынша көптілді білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

Университетте студенттердің бос уақыттарындағы демалысын тиімді ұйымдастыру үшін Студенттер сарайы, 6 спорт залы, 2 тренажерлық зал, студенттер жатақханалары жанындағы студенттер қалашығы, спорт алаңдары қызмет етеді.

Университет профессор-оқытушылары мен білім алушыларының спортқа ден қоюына, салауатты өмір салтын қалыптастыруына жағдай жасалған. Жалпы ауданы

3294,86 ш.м. болатын заманауи «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені бар. «Сыр сымбаты» спорт клубында 21 спорт секциялары үздіксіз жұмыс істейді.

**Біздің мекен-жай**: Қазақстан Республикасы, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 «А» 8 (7242) 26-15-46 , факс: 8 (7242) 26-27-14, E-mail: www.korkyt.kz,

## 1.2. Университет кітапханасы

Университеттің ғылыми кітапхана қоры 1 955 330 дананы құрайды.

Ғылыми кітапхана 4 абонемент, 3 электронды-оқу залы, жаңа заманауи үлгідегі Open space және №5 жатақханада орналасқан оқу залы пайдаланушыларға қызмет көрсетеді.

Университеттің электронды кітапханасы «МегаПРО» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады және 24/7 режимі бойынша қашықтықтан пайдалана алады. Кітапхананың мәліметтер базасын қалыптастыру, пайдаланушылардың қашықтықтағы ақпарат ресурстарына еркін, жедел қол жеткізуін қамтамасыз ету, университеттің электронды кітапханасының қоры жасақтау және университеттің жеке диссертациялық мәліметтер базасын дайындау жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар әлемдегі танымал Clarivate Analetics, Springer, Elsevier компаниясының Scopus, отандық электронды кітапханалар РМЭБ (Республикалық жоғары оқу орындары аралық кітапхана), «AlemBook» және КазНЭБ (Қазақ ұлттық электронды кітапхана) деректер базаларын пайдалануға мүмкіндік жасалған. Кітап қорын толыққанды жинақтау үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізіледі, қордың құрамы мен айналымы үнемі зерттеледі.

Кітапхана заманауи техникалармен жабдықталған. Пайдаланушылардың Интернетке еркін кіру мүмкіндігі бар. Кітапхананың компьютерлік паркі 80 дананы құрайды.



**Кітапхананың негізгі және алға қойған міндеттері:**

- Қорды толықтыру жұмысы ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінен келген құжаттарды негізге ала отырып, университеттің білім беру бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі;
- университеттің бейініне және кафедралардың ғылыми көзқарасына байланысты басылымдарды насихаттау жұмысының түрлері мен әдістерін жетілдіру;
- оқырмандарға толық, сапалы, нәтижелі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- кітапханалық маркетингті кеңінен енгізу;
- қорды сақтауды қамтамасыз ету;
- кітапхана кадрларын дайындауға және біліктілік деңгейін көтеруге ықпал ету;
- кітапханалық – ақпараттық инновациялық жұмысты жетілдіру.

Университетте сала мамандарын дайындауда, студенттерді патриоттық сезімге және адамгершілікке тәрбиелеуде ғылыми-техникалық кітапхана қызметкерлері үлкен рөл атқарады. Кітапханашылар университет оқытушы-профессорларымен бірге әртүрлі кештер, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізуді дәстүрге айналдырған.

**Кітапхананы пайдаланудың жалпы ережелері:**

Кітапхананы университет студенттері, магистранттары, докоранттары, оқытушылары мен қызметкерлері пайдалануға құқылы.

Әдебиеттер үйге абонементтер арқылы беріледі.

Оқырмандарды тіркеу университеттің «Платонус» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Пайдаланушы кітапхана қызметін оф-лайн және он-лайн форматта пайдалана алады. Кітаптарға тапсырысты интернет желісі бар кез келген жерден бере отырып, кітапханашы қызметін жеке кабинетте қадағалай алады.

Кітапхана қорынан алынған кітаптарды жоғалтқан немесе бүлдірген оқырмандар кітапхана Ережесіне сәйкес оны дәл сондай басылыммен немесе кітапхана құны бірдей деп тапқан басылыммен алмастырады.



**Оқырманның құқықтары мен міндеттері:**

Оқырмандардың құқығы бар:

- кітапхана көрсететін қызметтің түрлерін тегін пайдалануға;
- ақпарат көздерін іздестіру мен таңдауда кеңесшілік қызмет алуға;

Оқырмандар міндетті:

- кітаптарға, баспа туындыларына, басқа да материалдарға және кітапхана мүлкіне ұқыппен қарауға;
- кітапханадан алған басылымдарды белгіленген мерзімде қайтаруға.

Оқырманға рұқсат етілмейді:

- кітапханаға сырт киіммен кіруге;
- кітапханада тыныштық, тәртіп бұзуға;
- кітапхана басылымдарын бүлдіруге (оған белгі салу, сызу, парақтарын жыртып, мұқабасын мыжу);

**Кітапхананың құқықтары мен міндеттері**

Кітапхананың құқықтары:

- берілген кітаптардың кітапханаға қайтарылуын үнемі бақылауға;
- кітапхананы пайдалану Ережесін бұзған оқырмандарға шара қолдануға;
- оқырмандардан жоғалған немесе бүлінген басылымдардың нарықтық құнын өндіруге;

Кітапхананың міндеттері:

- өз қызметінде адамгершілік, саяси және идеологиялық көп пікірлілік қағидаларын басшылыққа алуға;
- кітапханада оқырманның жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға;
- оқырмандардың сұраныстарын толығымен қанағаттандыруға;
- кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсету мен кітаптарды насихаттауға және озық технологияны енгізуге;
- кітапхана қорын есепке алып, сақтауға.

**Кітапхананың жұмыс кестесі**

Университет кітапханасы сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, Open space 09.00-ден 20.00-ге дейін, жатақханадағы кітап беру пункті сағат 12.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз жұмыс істейді. Демалыс - сенбі, жексенбі. Әр айдың соңғы жұмыс күні – тазалық күні.

## 1.3. Студенттер жатақханасы

Студенттерді жатақхана орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы бойынша «Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүргізіледі.

Жатақханаға орналасу үшін өтініш білдірген білім алушылардың өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қаралады.

Университет жатақханаларындағы орындарды бөлу үшін арнайы құрылған конкурстық комиссияның шешімі негізінде студенттерге жатақханаларға жолдама беріледі.

Бірінші курс студенттерін жатақханаларға орналастыру 1-қыркүйекке дейін жүргізіледі және орын алуға ниет білдірушілерге беріледі.

Жатақханалардағы орналастыру аяқталғаннан кейін, бірінші қазаннан бастап бөлмелерді төлқұжаттандыру жүргізіледі. Әрбір бөлменің төлқұжаты Студенттік Кенесте сақталады, оған тұрғындардың аты-жөні енгізіліп, бөлмедегі студенттердің материалдық жауапкершілігіндегі барлық инвентарлар белгіленеді.

Мұндай тәртіп жатақханалардағы мүліктердің сақталуына, қоғамдық бақылау жүргізуге мүмкіндік береді. Бөлме төлқұжаттарына жыл бойына тұрғындарға жасалған ескертпелер енгізіледі. Мамыр-маусым айларында бөлмелерге аттестациялау өткізіледі, онда берілген ескертпелер негізінде студенттердің жыл бойына атқарған қоғамдық жұмыстарына қарай оларға келесі оқу жылында жатақхана беру жөнінде шешім шығарылады.

**Жатақхана тұрғындарының міндеттері:**

- Жатақхананы пайдалану ережелерін қатаң сақтауға;
- Өзіне бекітілген және жатақхана мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге;
- Жатақханада өткізілген мәдени іс-шараларға қатысуға;
- Жатақхана маңында жүргізілетін тазалық жұмыстарына қатысуға;
- Өзінің тұрып жатқан кіре берісі мен қабатының, бөлмесі мен тұрмыстық орындарының тазалығын сақтауға;
- Кезекшілік кестесі бойынша уақытылы шығуға;
- Жатақхана тұрғындарына басқа бөлмеге, ал кезекші оқытушыларға жазғы мезгілде сағат 23.00-ден кейін, қысқы мезгілде 22.00-ден кейін тұрғынның рұқсатынсыз бөлмеге кіруге болмайды;
- студенттік жатақханаларға бөгде кісілердің, яғни (ата-ана, туыстары, достары, таныстары, тағы басқа) кіруіне тыйым салынады.
- Оқу жылының аяғында әр студент өзінің бөлмесін, әр қабаттың старостасы қабаттың дәлізін және санузельдерді жөндеуден өткізіп, тапсыруға;
- Күзетшіге рұқсат қағазын көрсетуге;
- Студенттік кеңеспен, оның төрайымымен тікелей байланыс жасауға.

**Жатақхана тұрғындарының құқығы:**

- Жатақхана кеңесінің төрағасын сайлауға (студенттер кеңесі) және оның құрамын сайлауға, сайлануға;

- Жатақхананың қоғамдық өміріне белсене қатысқаны үшін жастар ісі комитетінің алғысымен марапатталуға;
- Ата –анасы , туыстары келген жағдайда тиісті құжаттармен демалыс бөлмесінде жүздесуге;
- Танымайтын бөтен адамдар есік қаққанда, жанында студенттер кеңесінің төрағасы немесе старостасы болмаған жағдайда есікті ашпауға;

**Жатақхана тұрғындарына тиым салынады:**

- Бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше орналасуға;
- Тұрғын бөлмелерде электр және оттан қауіпті приборларды пайдалануға;
- Бөтен адамды түнеуге қалдыруға;
- Жатақханаға ішкілік ішкен күйде келуге, бөлмеде спиртті ішімдіктерді ішуге және сақтауға;
- Жатақханада темекі шегуге;
- Терезеден қоқыс төгуге;
- Сағат 23.00-ден кейін радиоқабылдағыш, магнитофон, телевизор дауысын бөлмеден тысқары естілетіндей күшейте қосуға;
- Жатақханаға қысқы маусымға орай сағат 22-00-ден кейін кіруге.

**Жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін орындамау үшін қолданатын әкімшілік шаралар:**

Жатақхана тәртібін бұзғаны үшін Студенттер кеңесінің құрамы мынадай жаза қолданады:

- Ескерту;
- Сөгіс;
- Қатаң сөгіс;
- Жатақханадан шығару

Жатақхана тұрғыны ішкі ережелерді, өзіне жүктелген міндеттерді себепсіз орындамаса, егер бұрын да оған ескертулер қолданылған болса, тәртіп жөніндегі шара ретінде жатақханадан шығару ережесі қолданылады.

Жаза қолданғанға дейін жатақхана тәртібін бұзушыдан түсініктеме талап етіледі. Әкімшілік шараны жағымсыз әрекет ашылғаннан кейін 1 аптадан кешіктірмей қолданылуы тиіс. Жатақахана тәртібін бұзғаны жөніндегі жаза әкімшілік шешімі түрінде шығарылады.

**Жатақхана тұрғындарының асханада сақтауға міндетті ережелері:**

- Асханада тазалық ережелерін сақтау.
- Асты ұқыпты әзірлеу.
- Асты кезекпен әзірлеу

Асты әзірлеу барысында өзгелерге кедергі келтірмеу және техникалық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау.

Асты ішіп болғаннан кейін орнын тазалап кету.

Асханада кезекшілік кестесі бойынша тазалық күнін жүргізіп тұру.

Тұрғындар жатақхана асханасындағы ережелерді сақтамаған жағдайда студенттік кеңестің шешімімен жатақханадан шығарылады.



**Жастар ісі жөніндегі комитет**

Жастар ісі жөніндегі комитет - мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Студенттік өзін-өзі басқару - университеттегі оқу-тәрбие үрдісінің жалпы басқару жүйесінің элементі және студенттердің өздерінің қоғамдық пікірін зерттеу негізінде мүдделерін, қажеттіліктерін барынша ескеруді көздейді.

**Жастар ісі жөніндегі комитетінің мақсаты:**

- «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты» туралы заңын орындау;
- Университет жастары мен студенттерінің өзін-өзі басқаруын жан-жақты дамыту;
- Жатақханаларда тұратын студенттердің азаматтық рөлі мен жауапкершілігін дамыту;
- Студенттік жастардың отансүйгіштік рухын үйлесімді дамыту;
- Қоғам игілігіне студенттердің тұлғалық және интеллектуалдық, потенциалдық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасау.

Жастар ісі жөніндегі комитетінің функциялары:

- студенттердің мүдделерін қолдау және қорғау, оқу процесінің тиімділігін жоғарылату;
- белсенді өмірлік және азаматтық позицияны құруға көмектесу;
- студенттердің әр түрлі қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру үшін қызығушылықтары бойынша ұйымдар құру және жүргізуді ұйымдастыру;
- студенттік және жатақхана өмірін жарқын және бай өткізуге арналған мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру (спорт саласында ойындар, түрлі тақырыптар бойынша пікір-таластар, ойын-сауық кештері);
- оқу үрдісін басқаруда студенттердің қатысуын арттыру;
- ЖОО-да білім беру сапасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар үшін ашық саясатты енгізу;
- студенттердің білім беру траекториясын құруға толық қатысуы;

- студенттердің ғылыми-зерттеу бағытта жұмыс жасауына  жәрдемдесу, студенттерді ғылымға баулу, түрлі ғылыми жобаларға, конференцияларға, студент бизнес инкубаторларға, дөңгелек үстелдерге қатысуға шақыру, студенттің өмірін ғылым саласы бойынша қызықты, жан-жақты етіп өткізу.

Жастар комитетінің құрамында 24 жастар ұйымдары жұмыс жасайды:



| Жастар ұйымының атауы | Ұйымның міндеттері |
|---|---|
| Студент жастар одағы | Студент жастар одағы студенттердің өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысын және бос уақытта спорттық және мәдени жұмыстармен айналысуын қамтамасыз ету; мәдени іс-шараларды ұйымдастырады; студенттерге әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету; студенттердің мүдделерін қорғау. |
| Студенттік парламент | Студенттердіңрухани күш-жігерін арттыруға ықпал жасай отырып сөз бостандығы мен ой бостандығын қалыптастыруға атсалысу. Жастар арасында өзара пікір алаңын қалыптастыру, сонымен қатар салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту. Жастарға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау,  жүзеге асыру. |
| «Жастар рухы» жастар қанаты | «Жастар рухы» жастар қанатының міндеттері: Елбасының саясатын қолдауға, демократиялық, әлеуметтік әділ қоғам құруға жастарды тарту; жастар арасында өмір салтын насихаттау, сонымен қатар патриоттық тәлім-тәрбие беруге бағытталған. |
| ҚУ  «Қазақстан | ҚСА-ның негізгі міндеттері: |

| | |
|---|---|
| Студентерінің Альянсы» | Студенттердің мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесу;<br>жастардың арасында патриоттық сезімдерді қалыптастыру. |
| «Ұлағат Ұландары» педагогикалық жасағы | Облыстың білімді, көшбасшы жастарынан құрылған бұл ортаға мүшелікке студенттер арнайы іріктеуден өтіп қабылданады. Позитивті ұстанымдағы жастар қашан да мәдени іс-шаралардың ұйытқысы. Бұл ұйым мүшелері жаз айларында облыстың және Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарының балалардың жазғы тынығу лагерлерінде тәлімгер және тәрбиеші ретінде қызмет жасап жүр. Ұлағаттық жастар «Атамекен» балалар ауылында, балаларға арналған психоневрологиялық интернат үйінде, қарттар үйінде түрлі мәдени шаралар өткізіп тұрады. |
| «Зерде» студенттердің ғылыми қоғамы | «Зерде» ғылыми студенттік қоғамы студенттерді ғылыми жұмыстарға, ғылыми жобаларды дайындауға, ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға қатысуына жәрдеседі.Студенттердің интеллектуалды қабілеттерін дамытуды көздейді. |
| «Қыз жібек» қыздар клубы | «Қыз жібек» қыздар клубының негізгі мақсаты – қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы Қыз Жібегін қалыптастыру және университет білім алушыларының сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру. |
| «Ақиқат» саяси дебат клубы | Бұл дебат орталығы кезкелген студент мүше бола алатын арнайы клуб. «Ақиқат» студенттердің шешендік қабілетін шыңдап, интеллектуалды ойлау деңгейін арттыруды көздейді. «Ақиқат» саяси дебат клубы университет ішілік, облыстық, республикалық деңгейдегі дебат ойындарын жүйелі өткізіп тұрады. |
| «Қыран» еріктілер жасағы | Университеттің жанында құрылған «Қыран» еріктілер жасағы полиция қызметкерлерінің жас көмекшілері болып табылады. Студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді. |
| «Қорқыт жастары» жайдарман клубы | Клубтың мақсаты – қоғамда орын алып жатқан кемшіліктерді, мәселелерді астарлы әзілмен халыққа жеткізу, тіл мәдениетін дамуына өз үлесін қосу, жастардың шығармашылық қабілетін арттыру, сахна мәдениетіне тәрбиелеу, кез келген ортада өзін-өзі ұстауға, болашақта қоғамға өз пайдасын тигізетін азаматтар тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| «Сыр сымбаты» спорт клубы | «Сыр сымбаты» спорт клубының мақсаты – жастарды салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортпен шұғылдануға шақыру. Сонымен қатар, спорт клубы студенттердің дене тәрбиесі және спорт тарапынан көптеген қызығушылықтарын қанағаттандырып, оларды жан-жақты дамытуды, студенттік командалардың қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық Универсиадаларға қатысуына жағдай жасауды көздейді. |
| «Қорқыт шақырады!» жастар қозғалысы | Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанынан құрылған «ҚУ шақырады!» жастар қозғалысы университетіміздің белсенді студенттерінің бос уақытын тиімді пайдаланып, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттері арқылы ерікті түрде қалалық, облыстық мектептермен байланыс жасай отырып оқушыларды университет қабырғасына тарту, қызықтыру мақсатында құрылған үгіт-насихат бағытындағы жастар ұйымы. |
| «Домбыра думан» жастар ұйымы | Қазақтың атадан балаға жалғасып келе жатқан мұраларымыз жыр терме,айтыс,күй өнерлерін кеңінен насихаттау, арасында қазақтың ауызекі әдеби-музыкалық өнерінің көлемді түрде дамыту. Сонымен қатар осы аталған өнерлерімізді шетте қалудан сақтау, жарыққа шығару.<br>Жастарды домбыра тартуға, айтыскерлікке үйрету. Айтыс өнерін жастар алдында кеңінен насихаттап, сақтап қалу. Жас таланттыларымызды жарыққа шығару. |
| «ENACTUS» студенттік кәсіпкерлік ұйым | Студенттердің бастамасымен бизнес жобаларды жүзеге асыру. Білім алушыларға бизнестің қыр-сырларын үйрететін семинар-тренигтер өткізу. Болашақта еліміздің барлық салаларын дамытатын тың идеяларды ойлап табу. |
| «Book club» оқырмандар клубы | Білім алушылардыжаппай кітап оқуға шақыру, кітаптың мәртебесін көтеру, белсенді оқырмандарды анықтау және марапаттау. Қазақ әдебиетінен бастап әлем классикасына дейінгі шығармаларды оқып, жан-жақты талқылайды, түсінген-түйгендірімізбен бөлісіп отырады. Жастар бос уақытын пайдалы өткізіп, жаңа достар табады. |
| «ArtStar» жас суретшілер | Суретші үшін қоршаған орта мен жыл мезгілінің көріністерінің әр сәтін бейнелеуде жинаған білімі, оның өмір бойғы жан азығы болып табылады. Университеттің жас суретшілерімен кездесе отырып, ұлы суретшілердің жазу тәсілдерімен ой бөлісу және жас суретшінің терең білім алып, аса төзімділікпен көп еңбектенуін қажет ететіндігі туралы бөлісіп отыру. Қазақ бейнелеу өнерін дамыту арқылы жастардың өнерін әртүрлі көрмелер ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізу. |

| | |
|---|---|
| «Сырлы қалам» жас ақындар клубы | Шығармашылыққа бейім жастардың басын біріктіре отырып белгілі ақын-жазушылармен кездесулер, әдеби-сазды кештер өткізу арқылы шығармашылық орта қалыптастыру. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен мемлекеттік басылымдарда, газет-журналдарда жас қаламгерлердің туындыларын жариялауға ықпал ету. Өлең, әңгіме, эссе және басқа да әдеби шығармалар жазуға бағыт бағдар беру. |
| «Good Deed» волонтерлар клубы | Университет білім алушыларынан құралған еріктілер жасағы. Қайырымдылық акциялары мен кез-келген көмек сұраған қала тұрғынына қолғабыс болуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастырады. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен сыйластық сезімін жастар арасында насихаттайды |
| «Достық» жастар клубы | Саясаттың басты ұстанымдардың бірі - халықтар достығы. Достық клубының міндеті университеттегі өзге ұлт өкілдері арасындағы достықты нығайту мақсатында құрылған. Ұйым мүшелері бірлесіп көптеген шараларды өткізуді жоспарлап отыр. |
| «Жауһазын» Студенттік театры | Студенттік театрдың мақсаты студенттер арасында шығармашылықты дамыту, олардың кәсіби тұрғыдан дамуына ұйытқы болу. |
| «Зияткер Qorqyt» интеллектуалды клубы | Клуб мүшелері қатарына ғылымның, техниканың, өнердің түрлі салаларында білімдерін жүйелеп, кеңейтуді, электрондық ақпаратпен жұмыс істеу біліктері мен дағдыларын жетілдіруді және дұрыс қадамдар жасауды қалайтын студенттерді біріктіреді. Клуб жұмысының жетекші бағыты-командаларды аудандық, қалалық, аймақтық және Халықаралық зияткерлік ойындарға дайындау және қатысу. |
| «Q-crew» би клубы | Би—қазақтың халық фольклорының көне түрлерінің бірі. Би хореографиясы жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді. Экономикалық, әлеуметтік, тарихи географиялық, т.б. факторлардың әсерімен де әр халықтың өзіне ғана тән би дәстүрлері, өзіндік хореография тілі, пластикалық бейнелілігі, қимыл-әрекетті музыкамен байланыстыру мақсатында би клубы жұмыс жасайды. қазақтың фольклорлық билерін, оның нағыз ұлттық қимыл-ерекшеліктерін зерттей отырып жастардың биге қызығушылығын арттыру. |
| «Q моб» мобилограф клубы | Клуб қызығушылығына байланысты қарым-қатынас үшін құрылған, кәсіби дамуға көмектеседі, сонымен қатар қызықты шығармашылық шешімдерді жүзеге асырады. Мұнда сіз фотосуреттер мен бейнематериалдарды тиімді орналастыруды, жаңалықтармен бөлісуді уйренесіз, сонымен қатар әртүрлі сакйыстар, кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастыру болып табылады. |

### 1.4 Әскери кафедра

Әскери оқытудың негізгі міндеттері мен мақсаттары - Қазақстан халқына адал, отансүйгіштік рухта тәрбиленген, психологиялық жағынан ұстамды, батыл, тәртіпті, мемлекеттік құпияны сақтай білетін, жоғары өнегелік-идеялық қасиеттерге, сондай-ақ, ұрыс міндеттерін орындауға қажетті білім, дағды мен машықтарға ие запастағы әскери қызметшілерді дайындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.09.1999 ж. №1282 Қаулысын жүзеге асыру мақсатында ҚР Қорғаныс Министрінің №190 және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 29.11.1999 ж. №57 бірлескен бұйрығымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2000-2001 оқу жылынан бастап аймақтағы алғашқы әскери кафедра ашылды.

Әскери дайындық қордағы офицерлерді дайындау бағдарламасына сәйкес және төмендегідей әскери-есептік білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады: «Жалпыәскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Жақын іс-қимылдағы жылжымалы зениттік зымыран кешендерімен қаруланған бөлімшелерді жауынгерлік қолдану», «Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру», «Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру» және «Атқыштық».

Әскери кафедрада білім алуға конкурстық таңдаудан өткен студенттер бірінші және екінші курстан бастап әскери білім алады. Әскери дайындықтың соңында курсанттар оқу жиыны ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімінің және университеттің оқу-жаттығу полигоныны базасында өтеді.

Полигонда әскери жиын өткізуге қажетті жағдайлар жасалған. Негізгі оқу жиынына қажет обьектілер: штаб, жатақхана, әскери палаткаларды орналастыратын жерлер, жазғы асхана, курсанттардың жеке дайындығын жүргізуге және мемлекеттік құқықтық дайындыққа арналған орындар т.б.

Оқу жиынын өткізу кезінде студент курсанттарға оқу бағдарламасына сәйкес әскери есептік білім беру бағдарламаларының барлық пәндерінен теориялық негіздермен, практикалық түрде орындай білуге және дағдылануға, мемлекеттік құқықтық дайындыққа, патриоттық тәрбие беруге, оқу-жаттығу жұмыстары кезінде оқу-жауынгерлік тапсырмаларды белгіленген жағдайға сәйкес олардың дұрыс орындауына үлкен талаптар қойылады. Оқу жиыны кезінде курсанттар әскери ант қабылдайды.

## 2. КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАКАЛАВРИАТ БОЙЫНША 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ

| | |
|---|---|
| Талапкерлерді студенттер қатарына қабылдау<br>Зачисление студентов | 28 тамыз<br>28 августа |
| Қазақстан Республикасының Конституция күні<br>День Конституции Республики Казахстан | 30 тамыз<br>30 августа |
| Элективтік пәндерді таңдау (1 курс студенттері үшін)<br>Выбор элективных дисциплин (для студентов 1 курса) | 25 тамыз – 1 қыркүйек<br>25 августа – 1 сентября |
| **Мереке күндері/Праздничные дни** | |

| | |
|---|---|
| Білім күні<br>День знаний | 1 қыркүйек<br>1 сентября |
| Республика дені<br>День Республики | 25 қазан<br>25 октября |
| Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні<br>День Независимости Республики Казахстан | 16 желтоқсан<br>16 декабря |
| «Жаңа Жыл» мерекесі<br>Праздник «Новый Год» | 1 қаңтар<br>1 января |
| «Рождество» мерекесі<br>Праздник «Рождество» | 7 қаңтар<br>7 января |
| «Халықаралық Әйелдер күні» мерекесі<br>Праздник «Международного Женского дня» | 8 наурыз<br>8 марта |
| «Наурыз» мерекесі<br>Праздник «Наурыз» | 21-22 наурыз<br>21-22 марта |
| Халықтар достығы күні<br>День Дружбы народов | 1 мамыр<br>1мая |
| Отан қорғаушылар күні<br>День Защитника Отечества | 7 мамыр<br>7 мая |
| Жеңіс күні<br>День победы | 9 мамыр<br>9 мая |

**Бакалавриат 1, 2 курс**

1) **Күзгі семестр – 15 апта**

**Осенний семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| 1-ші курс студенттерінің алғашқы аптасы<br>2023жылықабылданғанбілім алушылардыңпәндергежазылуыжәне жеке оқу жоспарын қалыптастыруы<br>Первая неделя студентов 1-го курса<br>Зачисление обучающихся на дисциплины и формирование индивидуального учебного плана в 2023 году | 28 тамыз – 01 қыркүйек<br><br>28 августа – 01 сентября |
| Теориялық оқыту<br>Теоретическое обучение | 04 қыркүйек – 15 желтоқсан<br>04 сентября – 15 декабря |
| Үздіксіз педагогикалық-психологиялық практика – 10 апта (педагогикалық бағыт бойынша, 1 курс (жеделдетілген), 2-ші курс), өндірістік практика<br>Непрерывная педагогико-психологическая практика-10 недель (по педагогическому направлению, 2-й курс) | 25 қыркүйек – 01 желтоқсан<br>02 қазан – 15 желтоқсан<br>09 қазан – 15 желтоқсан<br>25 сентября– 01 декабря<br>02 октября – 15 декабря<br>09 октября – 15 декабря |
| Аралық бақылау 1<br>Промежуточный контроль 1 | 16 – 27 қазан<br>16-27 октября |
| Аралық бақылау 2<br>Промежуточный контроль 2 | 04 – 15 желтоқсан<br>04-15 декабря |
| Өндірістік практика – 3 апта (өнер бағыты бойынша)<br>Производственная практика – 3 недели (по направлению искусства) | 27 қараша – 15 желтоқсан<br>27 ноября-15 декабря |
| Аралық аттестаттау (қысқы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (Зимняя экзаменационная сессия) | 18 желтоқсан – 05 қаңтар<br>18 декабря – 05 января |
| «Қанағаттанарлықсыз» «FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру<br>Пересдача итогового контроля (экзамена) при получении | 18 желтоқсан – 12 қаңтар<br>18 декабря – 12 января |

| | |
|---|---|
| оценки» неудовлетворительно «» FX" | |
| Демалыс<br>Каникул | 08 – 19 қаңтар<br>08-19 января |

**2) Көктемгі семестр – 15 апта**
**Весенний семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| Теориялық оқыту<br>Теоретическое обучение | 22 қаңтар – 03 мамыр<br>22 января– 03 мая |
| Оқу практикасы (педагогикалық бағыт бойынша) – 10 апта (үздіксіз)<br>Учебная практика – по педагогическому направлению) - 10 недель (непрерывно | 22 қаңтар – 29 наурыз<br>19 ақпан – 03 мамыр<br><br>22 января – 29 марта<br>19 февраля – 03 мая |
| Педагогикалық-психологиялық практика (педагогикалық бағыт бойынша) – 10 апта (үздіксіз)<br>Жаратылыстану институты бойынша<br>Психолого-педагогическая практика - по педагогическому направлению) - 10 недель (непрерывный)<br>По институту Естествознание | 22 қаңтар – 29 наурыз<br>22 января – 29 марта |
| Аралық бақылау 1<br>Промежуточный контроль 1 | 04 – 15 наурыз<br>04-15 марта |
| Аралық бақылау 2<br>Промежуточный контроль 2 | 22 сәуір - 03 мамыр<br>22 апреля-03 мая |
| Аралық аттестаттау (жазғы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (летняя экзаменационная сессия) | 06 – 24 мамыр<br>06-24 мая |
| «Қанағаттанарлықсыз» «FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру<br>Пересдача итогового контроля (экзамена) при получении оценки» неудовлетворительно «» FX" | 06 – 31 мамыр<br>06-31 мая |
| Өндірістік практика (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша) – 3 апта<br>Производственная практика (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям) – 3 недели | 13 мамыр – 31 мамыр<br>13-31 мая |
| Оқу (далалық) практикасы<br>(жаратылыстану бағыты бойынша)<br>Учебная (полевая) практика (по естественному направлению) | 27 мамыр -14 маусым<br>27 мая -14 июня |
| Оқу практикасы (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша) – 2 апта<br>Учебная практика (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям) – 2 недели | 27 мамыр – 07 маусым<br>27 мая -07 июня |
| Жазғы семестр<br>Летний семестр | 27 мамыр – 05 шілде<br>27 мая - 05 июля |
| Демалыс<br>Каникул | 27 мамыр -30 тамыз<br>27 мая -30 августа |

**Бакалавриат 3 курс**

**1) Күзгі семестр – 15 апта**

**Осенний семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| Теориялық оқыту<br>Теоретическое обучение | 04 қыркүйек – 15 желтоқсан<br>04 сентября - 15 декабря |
| Педагогикалық практика (педагогикалық бағыт бойынша, 6 апта)<br>Педагогическая практика (по педагогическому направлению, 6 недель) | 06 қараша – 15 желтоқсан<br>06 ноября - 15 декабря |
| Өндірістік практика (өнер бағыты бойынша, 5 апта)<br>Производственная практика (по направлению искусство, 5 недель) | 13 қараша – 15 желтоқсан<br>13 ноября-15 декабря |
| Аралық бақылау 1 (педагогикалық бағыты бойынша)<br>Промежуточный контроль 1 (по педагогическому направлению) | 25 қыркүйек – 06 қазан<br>25 сентября-06 октября |
| Аралық бақылау 1 (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша)<br>Промежуточный контроль 1 (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям) | 16 – 27 қазан<br>16-27 октября |
| Аралық бақылау 2 (педагогикалық бағыты бойынша)<br>Промежуточный контроль 2 (по педагогическому направлению) | 23 қазан – 03 қараша<br>23октября-03 ноября |
| Аралық бақылау 2 (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша)<br>Промежуточный контроль 2 (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям) | 04 – 15 желтоқсан<br>04-15 декабря |
| Аралық аттестаттау (қысқы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (зимняя экзаменационная сессия) | 18 желтоқсан – 05 қаңтар<br>18декабря-05 января |
| «Қанағаттанарлықсыз FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру<br>Пересдача итогового контроля (экзамена) при получении оценки "неудовлетворительно FX" | 18 желтоқсан – 12 қаңтар<br>18декабря-12 января |
| Демалыс<br>Каникул | 08 – 19 қантар<br>08-19 декабря |

**2) Көктемгі семестр – 15 апта**
**Весений семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| Теориялық оқыту<br>Теоретическое обучение | 22 қантар – 03 мамыр<br>22 января-03 мая |
| Аралық бақылау 1<br>Промежуточный контроль 1 | 04 – 15 наурыз<br>04-15 марта |
| Аралық бақылау 2<br>Промежуточный контроль 2 | 22 сәуір – 03 мамыр<br>22апреля-03 мая |
| Аралық аттестаттау (жазғы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (летняя экзаменационная сессия) | 06 мамыр – 24 мамыр<br>06-24 мая |
| «Қанағаттанарлықсыз FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру<br>Пересдача итогового контроля (экзамена) при получении оценки "неудовлетворительно FX" | 06 – 31 мамыр<br>06-31 мая |
| Өндірістік практика (Журналистика БББ бойынша) | 11 наурыз - 12 сәуір |

| | |
|---|---|
| Производственная практика (по ОП Журналистика) | 11 марта-123 апреля |
| Өндірістік практика (техникалық, экономикалық бағыттары бойынша, 5 апта)<br>Производственная практика (по техническим, экономическим направлениям, 5 недель) | 20 мамыр – 21 маусым<br>20 мая-21 июня |
| Жазғы семестр<br>Летний семестр | 27 мамыр – 05 шілде<br>27 мая-05июля |
| Әскери жиын<br>Военный сбор | 01 шілде – 09 тамыз<br>01 июля-09 августа |
| Демалыс<br>Каникул | 27 мамыр – 31 тамыз<br>27 мая-31 августа |

**Бакалавриат 4, 5 курс**

1) **Күзгі семестр – 15 апта**
**Осенний семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| Теориялық оқыту<br>Теоретическое обучение | 4 қыркүйек – 15 желтоқсан<br>4 сентября-15 декабря |
| Аралық бақылау 1<br>Промежуточный контроль 1 | 16 – 27 қазан<br>16-27 октября |
| Аралық бақылау 2<br>Промежуточный контроль 2 | 04 – 15 желтоқсан<br>04-15 декабря |
| Аралық аттестаттау (қысқы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (зимняя экзаменационная сессия) | 18 желтоқсан – 05 қаңтар<br>19 декабря-05 января |
| «Қанағаттанарлықсыз FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру<br>«Қанағаттанарлықсыз FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру | 18 желтоқсан – 12 қаңтар<br>18 декабря-12 января |
| Демалыс<br>Каникул | 01 – 19 қаңтар<br>01-19 января |

2) **Көктемгі семестр – 15 апта**
**Весенний семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| Теориялық оқыту (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша)<br>Теоретическое обучение (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям) | 15 қантар – 01 наурыз<br>15 января-01 марта |
| Аралық бақылау 1 (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша)<br>Промежуточный контроль 1 (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям | 05 – 09 ақпан<br>05-09 февраля |
| Аралық бақылау 2 (техникалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша)<br>Промежуточный контроль 2 (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям | 19 ақпан – 01 наурыз<br>19 февраля-01 марта |
| Аралық аттестаттау (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша), (жазғы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям), (летняя экзаменационная сессия) | 04 наурыз – 08 наурыз<br>04-08 марта |
| Өндірістік немесе диплом алды практикасы (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша)<br>Производственная или преддипломная практика (по техническим, экономическим, искуственным, гуманитарным | 22 қаңтар – 26 сәуір<br>11 наурыз – 03 мамыр<br><br>22 января – 26 апреля |

| | |
|---|---|
| направлениям) | 11 марта – 03 мая |
| «Қанағаттанарлықсыз FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру (техникалық, экономикалық, өнер бағыттары бойынша)<br>Пересдача итогового контроля (экзамена) при получении оценки "неудовлетворительно FX" (по техническим, экономическим, искусственным направлениям) | 04 – 22 март<br>04-22 марта |
| Өндірістік-педагогикалық немесе диплом алды практикасы (педагогикалық бағыт бойынша)<br>Производственно-педагогическая или Преддипломная практика (по педагогическому направлению) | 15 қаңтар – 1-15 наурыз<br>15 қаңтар – 03 мамыр<br>15 января - 1-15 марта<br>15 января-03 мая |
| Теориялық оқыту (педагогикалық бағыт бойынша)<br>Теоретическое обучение (по педагогическому направлению) | 04 наурыз – 03 мамыр<br>04марта-03 мая |
| Аралық бақылау 1 (педагогикалық бағыт бойынша)<br>Промежуточный контроль 1 (по педагогическому направлению) | 01 – 05 сәуір<br>01-05 апреля |
| Аралық бақылау 2 (педагогикалық бағыт бойынша)<br>Промежуточный контроль 2 (по педагогическому направлению) | 22 – 26 сәуір<br>22-26 апреля |
| Аралық аттестаттау (педагогикалық бағыт бойынша), (жазғы емтихан сессиясы)<br>Промежуточная аттестация (по педагогическому направлению), (летняя экзаменационная сессия) | 29 сәуір – 03 мамыр<br>29 апреля-03 мая |
| Қанағаттанарлықсыз FX» бағасын алған кезде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру (педагогикалық бағыт бойынша)<br>Пересдача итогового контроля» экзамена) при получении оценки "неудовлетворительно FX" (по педагогическому направлению) | 29 сәуір – 10 мамыр<br>29 апреля-10 мая |
| Қорытынды аттестаттау<br>Итоговая аттестация | 03 – 21 маусым<br>03-21 июня |

**ЖОҒАРЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК НЕМЕСЕ ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ОҚУ ТҮРІ**

**1) Күзгі семестр – 15 апта**
**Осенний семестр-15 недель**

| | |
|---|---|
| Теориялық оқыту<br>Теоретическое обучение | 04 қыркүйек – 15 желтоқсан<br>04 сентября-15 декабря |
| ONLINE форматта дәріс өту (педагогикалық бағыт және Құрылыс және Құқықтану БББ бойынша, 6 апта)<br>Прохождение лекции в ONLINE формате (по педагогическому направлению и по строительству и юриспруденции, 6 недель) | 04 қыркүйек – 08 қыркүйек<br>09 қазан – 20 қазан<br>13 қараша – 24 қараша<br>04 сентября – 08 сентября<br>09 октября – 20 октября<br>13 ноября – 24 ноября |
| OFFLINE форматта дәріс өту (педагогикалық бағыт және Құрылыс және Құқықтану БББ бойынша, 9 апта)<br>Прохождение лекции в OFFLINE формате (по педагогическому направлению и по строительству и юриспруденции, 9 недель) | 11 қыркүйек – 06 қазан<br>23 қазан – 10 қараша<br>27 қараша – 15 желтоқсан<br>11 сентября – 06 октября<br>23 октября – 10 ноября |

| | |
|---|---|
| ONLINE форматта дәріс өту (техникалық, экономикалық, өнер, гуманитарлық бағыттары бойынша, 8 апта)<br>Прохождение лекции в ONLINE формате (по техническим, экономическим, искусственным, гуманитарным направлениям, 8 недель | 27 ноября – 15 декабря<br><br>04 сентября – 29 сентября<br>30 октября – 24 ноября |
Пәннің (модулдің) қорытынды бағасы жіберу рейтингісінің бағасы (орташа рейтинг) мен қорытынды бақылау бағаларынан құралады.

Үлгерімді ағымдық бақылаудың бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) пән (модуль) бойынша қорытынды бағаның 60%-ын және емтихан бағасы пән (модуль) бойынша қорытынды бағаның 40 %-ын құрайды.

Оң қорытынды баға тиісті пән (модуль) бойынша белгіленген кредит санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болып, білім алушының транскриптіне жазылады.

Білім алушы қорытынды бақылаудан (емтиханнан) «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда пән (модуль) бойынша қорытынды баға есептелмейді.

"FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыруға рұқсат беріледі.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағасын алғанда білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады,

бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Транскрипте FX және F бағаларымен қоса барлық қорытынды бағалары көрсетіліп, білім алушы игеріп алған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.

Оқу пәндері мен (немесе) модульдер және оқу жұмысының өзге де түрлері бойынша, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын оқуды бітіргеннен кейін білім алушыға академиялық кредиттерді беру жалпы олар қол жеткізген оқу нәтижелері оң бағаланған кезде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсты қоспағанда).

Қорытынды бақылаудың қанағаттанарлық бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Институт директоры кейбір жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік және т.б. дәледі себептерге байланысты) білім алушыға емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады.

Институт директоры білім алушыға дәлелді себебін (денсаулығына, сәбиінің дүниеге келуіне, жақын туыстарының қайтыс болуына, қызметтік немесе оқу іссапарында болуына және т.б. байланысты жағдайларды) растайтын анықтамалар тапсырған жағдайда емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруына рұқсат береді. Дәлелсіз себеппен сессия тапсырмаған білім алушылар институт директор өкімімен жазғы семестрге қалдырылады, бітіруші курс білім алушылары оқудан шығарылады.

Барлық оқыту нысанына арналған емтихандар кестесін оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік бөлім тіркеуші офисімен бірлесе жасайды.

Емтихандар кестесін академиялық мәселелер бойынша басқрама мүшесі - проректор бекітеді. Сессия басталғанға дейін екі апта мерзімінен кешіктірмей емтихандар кестесі білім алушылар мен оқытушылар назарына жеткізіледі.

«FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушыға институт директораты тіркеуші офисімен бірлесе қайта тапсыру кестесін жасайды.

Емтиханға келгенде білім алушының қолында электронды студенттік билет немесе білім алушының жеке басын куәландыратын басқа құжат болуы міндетті.

Білім алушының пән (модуль)бойынша дәрісханалық жұмысының, оқытушымен өзіндік жұмысының және аралық, қорытынды бақылау (емтихан) жұмыстарының әрқайсысы, сондай-ақ сабақтардағы әрбір жауап, тапсырылған жеке тапсырма, әрбір зертханалық жұмыс және реферат 1-кестеде көрсетілген әріптік балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес 100 балдық (100 пайыздық) шкала бойынша бағаланады.

Пән (модуль) бойынша ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) дәрісханалық сабақтардағы және білім алушының өзіндік жұмысын тапсырудағы (БАӨЖ-дағы) ағымдық бақылау мен аралық бақылау бағаларынан жинақталады.

Ауызша, ауызша-жазбаша емтиханды бағалау 1-кестеде көрсетілген әріптік балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес 100 балдық (100 пайыздық) шкала бойынша бағаланады.

Емтихан сұрақтары бойынша пән оқытушысы пән ерекшелігіне қарай бірнеше сұрақтан (3-5) тұратын билеттер дайындайды. Дайындалған емтихан билеттерін институт директоры

бекітеді және емтихан билеттерін конвертке салынып директоратпен мөрленеді.

Білім алушылардың жауаптарының толықтығын ескере отырып, берілген бағалардың жалпы сипаттамасын көрсететін бағалау критерийлері 3-ші кестеде келтірілген.

3-кесте

**Ауызша және ауызша-жазбаша емтихандарды бағалау критерийлері**

| Бағалау | | Критерийлері |
|---|---|---|
| A | 95-100 | Оқытылған материал бойынша терең әрі толық білімді; қарастырылып жатқан ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтарын, теориялар мен өзара байланысының мәнін толық түсінуді көрсете білу. Оқытылған материал негізінде толық әрі дұрыс жауапты құрастыра білу; негізгі ережелерді белгілеп, жауапты нақты мысалдар мен деректермен толықтыру; қорытындыны жалпылау, дәлелді талдау жасау. Пәнаралық және пән ішіндегі (бұрын алынған білім негізінде) байланыстарды орната білу. |
| A- | 90-94 | Сұрақтың тұжырымдамасымен ескерілген нақты қисындалған мәселе. Сұрақтың мазмұны бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде баяндалуы тиіс. Талқыланып жатқан мәселеге кең әрі жан-жақты талдау жасалуға тиіс. Елеулі нақты қателердің болмауы. Қорытындысы дәлелді және нақты кең материалға негізделген. Бірақ сұраққа байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің, сонымен қатар сәйкестік критерийлерде көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін басқа түрдегі қателіктердің бар болуы. |
| B+ | 85-89 | Оқытылған материалды толық білу. Оқытылған теориялар негізінде толық әрі дұрыс жауап; оқытылған материалды баяндағанда, ұғымдарға анықтама бергенде, ғылыми терминдерді қолданғанда немесе қорытынды жасағанда жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателері бар; материал белгілі бір қисынды жүйелік негізінде баяндалады. Бірақ бір жеңіл-желпі қате немесе екіден кем емес жетіспеушілікке жол беріледі. Білім алушы өз қателерін өз бетімен немесе оқытушының көмегімен түзете алады; жалпы оқылған материалды меңгеріп нақты мысалдармен дәлелдеуге мүмкіндік беріледі. |
| B | 80-84 | Оқытылған материалда негізгі ережелерді өз бетімен атап көрсете білу; дәлелдер мен мысалдар негізінде жалпылау, қорытынды жасай білу, пән ішіндегі байланыстарды орната білу. Практикада алған білімді, ғылыми терминдерді қолдана білу. Бірақ анықтама әдебиетпен, оқулықпен, қайнар көздермен жұмыс істеуге жеткілікті дағдысы жоқ (дұрыс бағытта жүру, бірақ жұмысқа көп уақыт кетіреді). Баяндаған кезде жеңіл-желпі қателері бар. |
| B- | 75-79 | Кейбір маңызды фактілер айтылмай қалады, бірақ қорытындысы дұрыс; фактілер кейбір кездері сәйкес келеді және бір бөлігі мәселеге қатысты болмайды; басты мәселе көрсетіледі, бірақ кейде терең түсінілмейді, кейбіреулері орнықты емес; барлық үйлеспеушіліктер көрсетілмейді. |
| C+ | 70-74 | Жауапта тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар. Сұрақпен көзделген мәселені талдау үрдісі үзінді, жартылай сипатқа ие. |
| C | 65-69 | Білім алушы кейбір жеке жағдайларда ғана талданып жатқан мәселенің іргелі дүниетанымдық мәселелермен байланысын көрсете алуы; қойылған сұрақ бойынша маңызды негізгі ұғымдарды білуі және оларды жауап берген кезде қолдана білуі. |
| C- | 60-64 | Себеп-салдар байланысын ішінара бұзу; шағын қисынды қателер, маңызды фактілер мен барлық дерлік егжей-тегжейлікте қателері бар; дәлелдер ой-пікірлерден кейде бөлінбейді, алайда білім алушы олардың арасындағы айырмашылықтарды түсінеді. |
| D+ | 55-59 | Көптеген маңызды фактілер келтірілмейді, қорытынды жасалмайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | фактілер қарастырылып жатқан мәселеге сәйкес келмейді. Олар салыстырылып қарастырылмайды; негізгі мәселені көрсете алмау (қате болса да). Көп елеулі қателер бар. Білім алушы жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі әрі негізгі мәселелермен байланыс түсінігінің жоқтығы. |
| **D** | **50-54** | Қойылған сұрақтар шеңберінде Бағдарламалық материалдың негізгі бөлігін түсінбеу және білмеу, нақты мәселелерді шешкен кезде қолдана білмеу. Жетекші сұрақ қойылғанда білім алушы түзете алмайтын жауап кезінде елеулі қателері бар. |
| **FX** | **25-49** | Материалдың негізгі мазмұны оң бағаға қажетті деңгейде ашылмаған; білім алушы ынтамен жауап бергенмен, жауабында елеулі қателердің бар болуы. Жауап берген кезде тақырып пен оқытылып жатқан пәннен ауытқушылықтың болуы. |
| **F** | **0-24** | Материалдың негізгі мазмұны меңгерілмей, толығымен ашылмаған; қорытынды мен жалпылаудың болмауы. Білім алушы жауабында елеулі қателердің бар болуы. Жауап берген кезде тақырып пен оқытылып жатқан пәннен елеулі ауытқушылықтың болуы. Жауап беруден бас тарту. |

Тест түрінде өткізілген аралық бақылауда білім алушыға 20 сұрақ беріледі. Аралық бақылаудың тест түріндегі бағалау көрсеткіші 4-ші кестеде берілген.

4-кесте

**Тест түріндегі аралық бақылау көрсеткіші (20 сұрақ бойынша)**

| Тест балы | Әріптік жүйе бойынша бағасы | Пайыздық құрамы, % |
|---|---|---|
| 20 | A | 100 |
| 19 | A | 95 |
| 18 | A- | 90 |
| 17 | B+ | 85 |
| 16 | B | 80 |
| 15 | B- | 75 |
| 14 | C+ | 70 |
| 13 | C | 65 |
| 12 | C- | 60 |
| 11 | D+ | 55 |
| 10 | D | 50 |
| 9-5 | FX | 49-25 |
| 4-0 | F | 24-0 |

Ал, тестілеу емтиханында білім алушыға 50 сұрақ беріледі. Бағалау көрсеткіші 5-кестеде берілген.

5-кесте

**Тест түріндегі қорытынды бақылау көрсеткіші (50 сұрақ бойынша)**

| Тест балы | Әріптік жүйе бойынша бағасы | Пайыздыққұрамы, % |
|---|---|---|
| 50 | A | 100 |
| 49 | A | 98 |
| 48 | A | 96 |
| 47 | A- | 94 |
| 46 | A- | 92 |
| 45 | A- | 90 |

| | | |
|---|---|---|
| 44 | B+ | 88 |
| 43 | B+ | 86 |
| 42 | B | 84 |
| 41<br>40 | B<br>B | 82<br>80 |
| 39 | B- | 78 |
| 38 | B- | 76 |
| 37 | C+ | 74 |
| 36 | C+ | 72 |
| 35 | C+ | 70 |
| 34 | C | 68 |
| 33 | C | 66 |
| 32 | C- | 64 |
| 31 | C- | 62 |
| 30 | C- | 60 |
| 29 | D+ | 58 |
| 28 | D+ | 56 |
| 27 | D | 54 |
| 26 | D | 52 |
| 25 | D | 50 |
| 13-24 | FX | 25-49 |
| 0-12 | F | 0-24 |

Білім алушы 1-аралық бақылауды тапсырмаған жағдайда 2-аралық бақылауға жіберілмейді. Сондай-ақ, білім алушы екі аралық бақылаудың біреуін немесе екеуін де тапсырмаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

Егер білім алушы аралық бақылауды белгілі себеппен мерзімінде тапсыра алмаған жағдайда, институт директорының рұқсатымен аралық бақылауды тапсырады. Институт директорының өкімімен 2-аралық бақылауға дейін 1-аралық бақылауды, 2-аралық бақылауды сол пәннен (модулден) емтиханға дейін тапсыра алады.

Білім алушының дәрісханалық сабақтарда алған ағымдық бақылау бағасы пән (модуль)бойынша қорытынды бағаның 40%-ын құрайды, аралық бақылау бағасы 20%-ын, қорытынды бақылау (емтихан) бағасы қорытынды бағаның 40%-ын құрайды, яғни дәрісханалық сабақтардағы ағымдық бақылаудың пайыздық бағасының орташа мәні 0,4 коэффициентке, аралық бақылаулардың пайыздық бағаларының орташа мәні 0,2 коэффициентке және емтиханның пайыздық бағасы 0,4 коэффициентке көбейтіледі.

Пән (модуль)бойынша қорытынды баға келесі формуламен анықталады:

$$I = C_p \cdot 0,4 + P_{cp} \cdot 0,2 + E \cdot 0,4$$

мұндағы: $C_p$ – дәрісханалық сабақтардағы ағымдық бақылаудың пайыздық бағасының орташа мәні, ол білім алушының дәрістік, практикалық (семинар), зертханалық, сабақтарда және басқа тапсырмаларды орындағанда алған бағаларының арифметикалық қосындысының орташа мәніне тең болады;

$P_{cp}$ –аралық бақылаулардың пайыздық бағаларының орташа мәні, ол білім алушының екі аралық бақылауды тапсырып алған бағаларының арифметикалық қосындысының орташа мәні;

$E$ – емтиханның бағасының пайыздық мөлшері.

Егер білім алушы емтихан кезінде F сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алса,

онда сол пәннің толық курсын игеру үшін жазғы семестрге ақылы негізде қайта оқуға қалдырылады.

Егер білім алушы оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға келмесе, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Білім алушының дәлелді себептері болған жағдайда институт директорының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «келген жоқ» белгісі «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріліп, қайта тапсырылуы жазғы семестрде жүзеге асырылады.

Қорытынды және аралық бақылаулардың бағасымен келіспейтін білім алушы емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляцияға өтініш беруге құқы бар.

Емтиханға және аралық бақылауға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында университеттің басқарма төрағасы- ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол апелляциялық комиссия төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

Апелляциялық комиссия білім алушылардың емтихан сұрақтарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және оны бір күн ішінде қарайды.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына университеттің ресми сайтында электоронды түрде беріледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде сол пән бойынша апелляциялық емтихан ведомосы шығады.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан нәтижелері 1-кестеге сәйкес әріптік балдық-рейтингтік жүйе негізінде жоғарыда көрсетілген тәртіпке сәйкес бағаланады.

Әрбір оқу жылының аяғында білім алушының оқу жетістіктері бойынша үлгерімнің орташа балы – GPA есептеліп шығарылады. GPA келесі түрде анықталады: оқу пәніне берілген кредит көлемі мен білім алушының сол пәннен алған қорытынды балының (1-ші кестеде берілген) көбейтіндісі оқу жылына жоспарланған барлық пәндер бойынша қосылып, сол пәндердің жалпы кредитінің санына бөлінеді. Формуласы:

$$GPA = \frac{к_1 \cdot б_1 + к_2 \cdot б_2 + ... + к_n \cdot б_n}{к_1 + к_2 + ... + к_n};$$

Мұндағы $к_{1,...,n}$ - әрбір пән бойынша кредиттердің саны, $б_{1,...,n}$ - білім алушының әрбір пәннен алынған қорытынды балы.

Білім алушының курстан курсқа өту балы GPA болып табылады. Ғылыми кеңестің шешімімен білім алушыны курстан курсқа өту балы (GPA) белгіленген (5,6,7 кестелер).

**Бакалавриат**

6-кесте

| **Курс** | **Өту балы GPA** | **Әріптік бағалау жүйесі бойынша** |
|---|---|---|
| 1-курстан 2-курсқа | 1,5 | D+ |
| 2-курстан 3-курсқа | 1,67 | C- |
| 3-курстан 4-курсқа | 1,84 | C- |
| 4-курстан 5-курсқа | 1,9 | C- |

**Магистратура**

7-кесте

| Курс | Өту балы GPA | Әріптік бағалау жүйесі бойынша |
|---|---|---|
| 1-курстан 2-курсқа | 2,33 | С+ |

**Докторантура**

8-кесте

| Курс | Өту балы GPA | Әріптік бағалау жүйесі бойынша |
|---|---|---|
| 1-курстан 2-курсқа | 2,33 | С+ |
| 2-курстан 3-курсқа | 2,5 | С+ |

Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихан сессияларының нәтижелері бойынша оқу жылына бекітілген өту балын алған білім алушылар институт директорының ұсынысы негізінде университет басшысының бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

Ең төменгі өту (GPA) балын ала алмаған білім алушы оқу курсын қайта оқуға қалдырылады немесе оқудан шығарылады. Қайта оқу курсына қалдырылған жағдайда білім алушы жеке оқу жоспарын толықтырады немесе жаңа жеке оқу жоспарын жасайды.

Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген өту балының ең төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін жазғы семестрде белгілі бір пәндерді (модулдерді) (мемлекеттік емтихан тапсырылатын «Қазақстанның тарихы» пәнінен басқа) белгіленген тәртіп бойынша, ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден (модулдерден) қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

Қайта тапсырылған емтиханнан қанағаттанарлық нәтиже алған жағдайда қорытынды баға қайта есептеліп, ол емтихандық ведомосы мен транскриптке жазылады.

Тіркеуші офис транскриптте көрсетілетін оқудың барлық кезеңі ішінде білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын жүргізеді. Транскрипт оқудың кез келген кезеңінде білім алушының сұрауы бойынша беріледі.

Университеттен оқудан шығарылған білім алушыға университеттің Басқарма төрағасы - ректордың қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт беріледі.

Транскрипте білім алушы игерген барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде «қанағаттанарлықсыз» бағаға сәйкес келетін «FX» немесе «F» бағалары міндетті түрде жазылады.

Орташа үлгерім балын есептеуде әр пән (модуль) бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

Білім алушы университеттен келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

1) академиялық үлгермеушілігі;
2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаныүшін;
3) Ішкі тәртіп қағидалары мен университет жарғысын бұзғаны үшін;
4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
5) өз өтінішіне сәйкес.

Бітіруші курстың білім алушысы жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және

оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса жазғы семестрден өткізілместен оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

Өту балы жетіп, келесі курсқа ауыстырылған академиялық берешегі бар білім алушы сол пәнді (модулі) ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

Емтихан сессиясының қорытындысы және оқу үдерісін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихандық сессия (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін кафедра, институт мәжілістерінде, университеттің Ғылыми Кеңесінде талқылануға ұсынылады.

Мемлекеттік білім гранты есебінен оқитын білім алушы курстан курсқа өту балын жинақтай алмаса, яғни, сол курсқа қайта қалдырылса, мемлекеттік білім грантынан айырылып, ақылы негізде оқуын жалғастырады.

Аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша"жақсы", "өте жақсы" деген бағаға сәйкес бағалардың баламасын алған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған білім алушыларға университеттің Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен стипендия тағайындалады.

Білім беру бағдарламасының оқу жоспарын толық игерген және оқу ақысын толық төлеген білім алушылар қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды.

Қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары мен рәсімін университет дербес айқындайды.

Дипломдық жұмыстарға немесе жобаларға басшылық етуді бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) жұмыс өтілі кемінде 5 жыл Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-деңгейіне және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін мамандар жүзеге асырады.

Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары маман шығарушы кафедраның ұсынысымен университеттің Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелерін бағалау болып табылады.

Диплом жұмысы (жобасы) қорғауға аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) Диплом жұмысы (жобасы) ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмеді» деген дәлелденген қорытындысы бар пікірі;

2) Диплом жұмысын (жобасын) қорғауға берілген жан-жақты мінездемесі, және бағалар көрсетілген дәлерденген қорытындысы және тиісті мамандығы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін немесе біліктілігін беру туралы рецензия.

Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану (бұдан әрі – бөтен мәтінді пайдалану) нысанына тексеруден өтеді.

Диплом жұмысын қорғау аттестаттау комиссияның ашық отырысында оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда жүзеге асады.

Бір дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау ұзақтығы ереже бойынша бір студентке 50 минуттан аспауы тиіс, білім алушыға аттестаттау комиссияның алдында дипломдық жұмыс туралы баяндама жасау үшін 15 минут уақыт беріледі.

аттестаттау (кешенді емтихан, диплом жұмысын (жобаны) қорғау, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау) бойынша білім алушылардың білімі 1 -кестеге сәйкес әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтары, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлері назарға алынады.

Диплом жұмысын (жобасын) қорғау, кешенді емтихан бағалары туралы, сондай-ақ академиялық дәреже тағайындау және біліктілік беру немесе жеке үлгідегі (үздік, үздік емес) диплом беру туралы шешім аттестаттау комиссияның мүшелерінің отырысына қатысушыларының көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда аттестаттау комиссияның төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

Қорытынды аттестаттау кезінді «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ диплом жұмысын (жобасын), магистрлік диссертацияны (жобаны) қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

Қорытынды аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушы «білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған» және «диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғай алмаған» немесе «кешенді емтиханды тапсыра алмаған» деп университеттің Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен университеттен оқудан шығарылады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын игергенін растаған және қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға аттестаттау комиссияның шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік тағайындалады және қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

Диплом қосымшасында оқудың және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының барлық түрлері бойынша көлемі кредит түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығының (ҚР БҒМ 12.11.2021 № 561 өзгерістермен) 20 тармағына сай техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын педагогикалық мамандықтар бойынша бітірген тәжірибесі жоқ кандидаттар Біліктілік тестілеуінен сәтті өткеннен кейін жұмысқа қабылданады. Аталған бұйрықтың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында университетінің педагогикалық білім беру бағдарламаларын бітірушілеріне 100% біліктілік тестілеуінен өтуі міндеттеледі. Мерзімді қолданыстағы біліктілік санатын көрсететін сертификаттары бар жұмыс жасап жүрген білім алушылар сол жылғы тестілеуден босатылады.

Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа түрлері бойынша А, А- «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» деген қорытынды бағалары бар кешенді емтиханды және (немесе) диплом жұмысын (жобасын) А, А- «өте жақсы» деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта

тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар білім алушыға үздік диплом берілмейді.

Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын оқып аяқтағаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен меңгерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

Оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияға (жобаға) жетекшілік жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

Магистранттың ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі.

Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсын толық меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсын толық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация (жоба) қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және диссертациясын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Бұл ретте докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң ақылы негізде диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, білім беру ұйымының басшысы қол қойып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ университеттің сайтында орналастырылады.

Университеттің барлық білім алушылары үлгерімді ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі, білім алушыларға арналған ішкі тәртіп ережесі, сонымен қатар білім алушылардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды белгілейтін университеттің академиялық адалдық кодексімен танысуы керек. Білім алушылардың жоғарыда аталған нормативтік құжаттармен уақтылы таныстыру үшін жауапкершілік институт және бітіруші кафедраға жүктеледі.

## 2.3 Білім алушының Ар-намыс кодексі

Білім алушы өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.Білімгер үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады. Білімгер парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлулермен шектеулерге жол бермейді.

Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болады.

Білім алушы жоғарғы оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, білімгерлер Үйінің тәртібі мен тазалығын қадағалайды. Білімгер жоғарғы оқу орнының атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенділіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындайды.

Білім алушы жоғарғы оқу орнының қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық күшін жұмсайды

Білім алушы академиялық ықылассыз іс-әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар, өзінің жеке еңбегінің нәтижесі ретінде Интернет-ресурстарын дайындау; жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолдану; сабақ кезінде серуендеу, сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату.

Білім алушы болашақта Қазақстан Республикасының азаматы ретінде лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айтылған барлық академиялық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.

## 2.4 Кредиттік оқыту технологиясы терминдерінің сөздігі

1) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

2) академиялық кезең (Term) - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;

3) академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

4) академиялық еркіндік – білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

5) білім алушының академиялық рейтингі (Rating) – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру деңгейінің сандық

көрсеткіші;

6) академиялық деңгей (Degree) – қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже;

7) академиялық сағат кесте бойынша оқу сабақтардың (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері немесе жеке бекітілген графика бойынша білім алушылардың оқытушымен байланыс жұмысының уақыты;

8) белсенді үлестірмелі материалдар (ҮҮМ) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);

9) білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған оқу пәндерінің игеру дәрежесін немесе көлемін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

10) білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

11) білім алушылардың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - БАӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс. БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады;

12) білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті;

13) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау - жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

14) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, оқытушымен өткізілетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

15) екі дипломдық білім – екі тең бағалы диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары (білім беру бағдарламалары) бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі;

16) Еуропалық трансферт (аударым) және несиелік жинақтау жүйесі (ECTS) білім беру траекториясы, оқу орны және оқыту елі ауысқан жағдайда білім алушылардың игерген оқу пәндерін (кредит мен бағаларын қоса алғанда) салыстыру және қайта сынақтан өткізуде пайдаланылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне сынақ бірліктерін (несие) белгілеу әдісі;

18) жеке оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім алушымен ҮОЖ және элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес жасалатын оқу жоспары;

17) кредит (Credit, Credit-hour) – білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;

18)кредит (Credit, credit-hour) - білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі;

19)кредиттік оқыту технологиясы - білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

20) қорытынды бақылау – емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оқу пәні бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру, білім алушылардың оқудағы жетістігін бақылау; егер бірнеше академиялық кезеңдер барысында пәндер оқытылатын болса, онда оқытылған нақты академиялық кезеңде, пәндерге бөлімдер бойынша, қорытынды бақылау жүргізіледі;

21) межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

22) оқу пәніне жазылу (Enrollment) – білім алушылардың оқу пәніне белгілі бір тәртіппен алдын ала жазу рәсімі;

23) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтінгін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

24) Офис регистратор - білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет;

25) білім алушының оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы (БАОӨЖ)– бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы; білім алушының санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ), оқытушының басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының басшылығымен жүргізілетін докторанттардың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

26) оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

27) оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) – білім беру бағдарламаларының ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін құжат;

28) пәннің сипаттамасы (Curse Description) - пәннің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);

29) пререквизиттер (Prereguisite) - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер;

30) постреквизиттер (Postreguisite) - аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер;

31) пәндер бағдарламасы (Syllabus) - оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі;

32) транскрипт (Transcript) – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйес бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;

33) үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат;

34) эдвайзер (Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

35) элективтік пәндер – белгіленген кредит шеңберінде және университетте енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері.

36) модуль - білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы және құзыреттілігі бағалау критерийлеріне сәйкес келетін нақты тұжырымдалған, дербес, білім беру нәтижелері тұрғысынан аяқталған білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементі;

37) модульдік білім беру бағдарламасы - білім алушылардың қандай да бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алуы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы;

38) модульдік оқыту - білім беру бағдарламаларын, оқу жоспары мен оқу пәндерін модульдік негізде құрастыратын оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі;

39) оқу модулі - білім алушылардың құзыреттіліктері тұтас немесе жартылай қалыптасатын олардың нақты оқыту нәтижелерін меңгеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі.

| | |
|---|---|
| Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор | Ж.Н. Базартай |
| Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры | Б. А. Досжанов |
| Ғылыми кітапханасы директоры | Г.Ә. Сатбаева |
| БББ үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасының басшысы | А.Ж.Бұхарбаева |
| Оқу үдерісін ұйымдастыру және диспетчерлік қызмет басқармасының басшысы | Д.М. Жарылгапова |
| Тіркеуші офис басшысы | М.М.Абжаев |
| Әскери кафедра | Н.У.Увайдаев |

.